

Кеңес құрамы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 16 қарашадағы N 516 -ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі Кеңеске қатысушылардың уағдаластығына сәйкес, Каспий аймағының ұтымды пайдалану жөнінде бірлескен ұсыныстар мен бірлескен бағдарламаларды талдап жасау мақсатында:

1. Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі Кеңеске (1993 жылғы 14 қазан, Астрахан қаласы) қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық комитетінің Қазақстан жағы мынадай құрамда бекітілсін:

Әбілсейітов Ғ.Ә. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Ғылым және жаңа технологиялар министрі (топ жетекшісі)

Бәйкенов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрі

Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының геология және жер қойнауын қорғау министрінің бірінші орынбасары

Жаркенов М.Е. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрінің бірінші орынбасары

Жигалов К.В. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қыпшақбаев Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы

Мұсалімов Ғ.М. - Көлік министрлігінің су көлігі департаментінің директоры

Сәрсекенов Т.Б. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы балық шаруашылығы жөніндегі комитетінің төрағасы

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Каспий жағалауындағы мемлекеттердің мүдделі министрліктерімен және

ведомстволарымен бірлесіп үстіміздегі жылдың аяғына дейін Каспий теңізінің құқылық мәртебесін келісіп алып, анықтайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитет 1993 жылғы 25 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Каспий теңізінің проблемалары бойынша техникалық-экономикалық баяндама табыс етілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп келе жатқан жағдайда жағалауды қорғау шараларының тұжырымдамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 131 өкімімен бекітілген Каспий ынтымақтастығы жөніндегі көпжақты келіссөздегі Қазақстан делегациясының директиваларын ескере отырып, шельфті игеру бағдарламасын әзірлеп, 1994 жылдың 1 тоқсанында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитет, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Көлік министрлігі, Каспий теңізінің қорық аймақтарын қорғау және табиғи байлықтарын игеру, биоресурстарын сақтау, ұдайы өсіру мен оңтайлы пайдалану жөнінде Астрахан қаласында 1993 жылғы 14 қазанда қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру туралы ұсыныстар әзірлейтін болсын.

Премьер-министр